



ISBN 1728-5410

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени
Абая

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер» сериясы
Серия «Молодой ученый. Поиски. Проблемы. Исследования»
№ 1 (18), 2011 жыл



Алматы

**ХАБАРШЫ «ЖАС ҒАЛЫМ. ІЗДЕНІСТЕР. МӘСЕЛЕЛЕР. ЗЕРТТЕУЛЕР»
СЕРИЯСЫ.** – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. - 2011. - № 1 (18). – 53 бет

**ВЕСТНИК. СЕРИЯ «МОЛОДОЙ УЧЕНЫЙ. ПОИСКИ. ПРОБЛЕМЫ.
ИССЛЕДОВАНИЯ».** – Алматы: КазНПУ им. Абая. – 2011. - № 1 (18). - 53 с.

БАС РЕДАКТОР

ф.-м.ғ.д., профессор В.Н. Косов

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

т.ғ.к., доцент Н.У. Шаяхметов (бас редактордың орынбасары)

филол.ғ.к., доцент Ж.А. Исмаилова (жауапты хатшы)

т.ғ.д. профессор А.Н. Құдайбергенов

с.ғ.д. Ж.Қ. Симтиков

п.ғ.к., доцент А.Е. Берікханова

тех.ғ.к., доцент Ш.И. Хамраев

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

д.ф.-м.н., профессор В.Н. Косов

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

к.и.н., доцент Н.У. Шаяхметов (зам. гл. редактора)

к.филол.н., доцент Ж.А. Исмаилова (отв. секретарь)

д.и.н., профессор А.Н. Құдайбергенов

д.полит.н. Ж.Қ. Симтиков

пед.ғ.к., доцент А.Е. Берікханова

к.тех.н., доцент Ш.И. Хамраев

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Джолдыбаева Ұ.М. -

т.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ҰПУ доценті

Қағ, иет. Қағ - 109
и.и. Т.С. Сағинов

XX ғасырдың 90-шы жылдары Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін құрылған Тәуелсіз мемлекеттер достастығы үшін қиын да өтпелі кезең болып табылады, себебі саяси басқару тетіктері мен тәртіптерінің өзгеруі көптеген мемлекеттік институттардың жойылуына әкеліп соқты. Алайда Қазақстанда жүргізілген саяси-экономикалық реформалардың нәтижесінде республика жедел қарқынмен дамып келеді. Бұл орайда – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы», «Қазақстан Республикасы дамуының 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспары», «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиясы», «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға дейінгі экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы», «Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасы» сияқты құжаттарында еліміздің жалпы ұзақ мерзімді ұлттық даму стратегиясы қарастырылған.

Осы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуде Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы № 3834 “Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру шаралары туралы” Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған “Экология және табиғи ресурстар” стратегиялық жоспарын іске асыру бағдарламасы бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылғандығын атап өткен жөн. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда ең бірінші кезекте тұрған міндет қоршаған ортаны қорғауды басқарудың серпінді жүйесін құру мәселесі. Бұл орайда министрліктер мен ведомстволар, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың республиканы дамыту және оған техникалық жәрдем беруге бағытталған іс-әрекеттерін біріктіру, оны тиімді қадағалау мақсатында Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің өзге де мекемелер мен ұйымдармен ықпалдаса қызмет атқаруы көзделіп отыр.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап Қазақстанның Орталық Азия мемлекеттерімен құрған ынтымақтастығы мол нәтиже беруде. Қазіргі халықаралық қатынастар жалпы жаһандану және өңірлік интеграцияға негізделіп отыр, сондықтан серпінді даму негізінде халықаралық қоғамдастықта сенімді әріптес ретінде қабылданып, айтарлықтай беделге ие болып отырған және ТМД елдері арасындағы интеграциялық үдерістердің дамуында көшбасшы рөлін атқарып отырған Қазақстан үшін де көршілес елдермен бірігу маңызды мәселе болып табылады. Аумақтық кеңістігі ғана емес, тілі мен ділі де ортақ, қарым-қатынастары ежелден үзілмеген ортаазиялық тәуелсіз мемлекеттердің бірлесіп отырып шешетін мәселелер шеңбері кең әрі ауқымды. Оған: қоршаған ортаны қорғау, су ресурстарын пайдалану, тауар айналымы,

шекара, мәдениет, кедендік одақ, бірыңғай көлік, энергетикалық және ақпараттық жүйелерді қалыптастыру сияқты тағы басқа мәселелерді жатқызуға болады. Географиялық және демографиялық ресурстары мол бұл аймақ бүгінгі таңда геосаяси басымдықтарға ие болып отыр, себебі бұл өңір Еуразияның ең басты геосаяси орталықтарымен шекаралас жатыр. Еуропа мен Азияның арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастың көпірі болып табылатын Қазақстан осы ортаның экологиялық жүйесінде де маңызды рөл атқарады. Қазақстан аумағының кеңдігі, климаты, су жүйесі бүкіл Еуразияның экономикалық-әлеуметтік жағдайының тұрақтылығына әсер етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев және Үкімет басшыларының көршілес елдердің басшыларымен дипломатиялық қарым-қатынастарымызды нығайту жолындағы бірқатар кездесулері, келіссөздері, жасаған келісім-шарттары және оларды іске асыру мақсатындағы іс-шаралары қомақты. Соңғы жылдар ішінде болып өткен кездесулер барысында секторлардың әрі қарай жақсы бірігуі үшін, бағдарламаларды қоғамды қатыстыра отырып іске асыру үшін, экономикалық қызмет және тұрақты қаржыландыруды бірлесе атқару үшін, Орталық Азиядағы бұрын құрылған құрылымдарды қайта құру, реформалау қажеттілігі анықталды. Сонымен, қазіргі кезеңде қызмет атқарушы құрылымдарды бекітіп, аймақтық басқару механизмдерінің тиімдісін қалыптастыру Орталық Азия мемлекеттері ынтымақтастығындағы басты мәселе болып табылады.

Орталық Азия мемлекеттері арасында туындап отырған проблемалар олардың стратегиялық мүдделеріне нұқсан келтірмей, келіссөздер жолымен ымыралық негізде шешілуде және олардың ұмтылыс-ұстанымдары халықаралық құқықтың жалпыға бірдей мойындалған нормаларымен үндес болуда. Атап айтқанда, 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше болып кірген Қазақстан осы Ұйым аясында қабылданған адам құқықтары, халықаралық қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, есірткіге бақылау жасау т.б. жөніндегі халықаралық конвенциялардың көпшілігіне қосылып, өз ұстанымын ашық білдіріп, ұсыныстарын алға тартып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) құру туралы ұсыныс жасаған болатын. БҰҰ-мен қатар көптеген өзге елдер тарапынан қолдау тапқан бұл бастама 2002 жылы іске асырылып, Алматы қаласында он алты ел мүше болған АӨСШК алғашқы саммиті өткізілген болатын. Онда әлемнің аса ірі мемлекеттерінің өкілдері дүниежүзілік қоғамдастыққа ортақ өзекті мәселелерді талқыға салып, Алматы актісін және АӨСШК-нің лаңкестікті жойып, өркениеттер арасындағы үнқатысуға жәрдемдесу туралы декларациясын қабылдады. Ал, өткен жылдың маусым айында Алматы қаласында тоғыз мемлекеттің басшысы, бір премьер-министрі, жеті Үкімет мүшесі және БҰҰ Бас хатшысының орынбасарының қатысуымен АӨСШК Екінші саммиті өткізілді. Саммиттің ашылуында сөз сөйлеген ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес дүние жүзіндегі шешуші факторлардың біріне» айналғандығын атап өтті /1/. Өткізілген саммит барысында Алматы қаласында АӨСШК Хатшылығы ашылды. Сонымен қатар АӨСШК Екінші

Саммитінің декларациясы қабылданып, онда Азиядағы, тұтас алғанда әлемдегі қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың шешуші проблемалары көрініс тапты. Осы аталған шаралар Орта Азиялық республикалардың сыртқы саясатын жүргізуде елеулі маңызға ие, оларға өкілдері қатысқан елдерді «бір максат біріктіреді, ол – Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау» /1/. Қазақстан АӨШҚ төрағасы болып тағайындалуы, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту жолында бар мүмкіндіктерді әрі қарай да жүзеге асыра беру ұстанымы барынша айқындалып, әлем қоғамдастығының қолдауына ие болып отыр.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның Парламенттік Ассамблеясы форумы 2003 жылы маусым айында Алматы қаласында болып өтті. Бұл жиында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев жаңа жүзжылдықтағы қауіп-қатер мен дүрбелеңді дабылдардың шекаралар шеңберінен шығып кету сипаты өңірлік қауіпсіздікті тек жаһандық өлшеммен ғана өлшеуді талап ететіндігін атап өтіп, біріншіден, ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің кем дегенде 11-інің географиялық аумағы Азияда орналасқандығы азиялық бағытты осы ұйымның маңызды бағытына айалдырады, екіншіден, қазіргі кезеңде Азияда адамзаттың жалпы санының жартысынан астамы өмір сүріп жатқандықтан, планетаның негізгі шикізат және демографиялық әлеуеті Азия елдерінде болғандықтан, жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мән-маңызы барған сайын арта түсуде, үшіншіден, Азияның саяси, экономикалық әрі мәдени тұрғыдан біртекті болмай отырғандықтан, бұл өңірде қауіпсіздік институттарын құру қиын, ал әлеуметтік және саяси тұрақсыздық салдарынан жыл сайын Азияның жекелеген елдерінен Еуропаға ондаған мың заңсыз мигранттар өтуде деді. «Сонымен, жаһандық ауқымдағы қауіпсіздіктің, соның ішінде Еуропа континентіндегі тұрақтылықты қамтамасыз етудің де көптеген мәселелерінің кілті Азия жерінде жасырылып жатыр,» – деп атап өтті. Сонымен қатар Елбасымыз жекелеген елдерде байқалып отырған әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің оңды қарқыны елеулі дәрежеде нақты жобаларды жүзеге асыруға деп берілген шетел капиталымен байланысты. Бұл көрсеткіш жөнінен Қазақстан Орталық Азия елдері арасында көшбасшы орнында екенін де терең қанағатпен атап өтті /2/.

Айта кетер жайт – халықаралық ауқымдағы ұлттық мүдделерімізді нұқсансыз қамтамасыз ету үшін, біз әлеуметтік-экономикалық даму бағытында тиісті табыстарға қол жеткізуге тиіспіз. Біздің мүдделеріміздің түлкілікті мәні – халыққа төнуі мүмкін қандай да болсын сыртқы қауіптердің алдын алып, мемлекеттілігімізді сақтап қалу, себебі бұл болашақ үшін ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Ал осыдан он бес жыл бұрын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. «Қазақстанның бұл тарихи шешімі – дүниежүзілік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы жарқын үлгіге айналумен қатар, болашақ дамудың бағытын анықтаған сарабал қадам болғанын тарихтың өзі таразылап берді» /3/.

Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру туралы шартқа 2006 жылғы қыркүйек айының 8-і Семей қаласында қол қойылған болатын. Бұл бастама халықаралық қоғамдастық тарапынан ядролық қарусыздану мен

таратпау ісіндегі маңызды кадам ретінде бағаланды. Осыдан он бір жыл бұрын Орталық Азия мемлекеттерінің үкіметтері мемлекетаралық қарым-қатынастардың көпғасырлық тәжірибесінде бұрын болмаған Мемлекетаралық Координациялық Су комитетін құру туралы тарихи шешім қабылдаған-ды. Мемлекеттер арасында Арал теңізі алабында орналасқан әр республиканың мүддесін есепке ала отырып, су ресурстарын бірлесе басқарудың негізгі басқару принциптері әзірленген. қазіргі кезеңде Каспий теңізі жөніндегі экологиялық конвенцияны ратификациялау жұмысы жүргізілуде.

Қазіргі кезеңде Каспий теңізі жөніндегі экологиялық конвенцияны ратификациялау жұмысы жүргізілуде, сонымен қатар бүгінгі таңда Орталық Азия мемлекеттері Арал теңізі алабы жөніндегі бағдарламаны бекітіп, жүзеге асыруда.

Сондай-ақ халықаралық ұйымдар да өз жұмыс бағыттарын белгілеп, Орталық Азия мемлекеттеріне арналған су, жер және экологиялық қауіпсіздік салаларындағы бірлескен бағдарламаларды іске асыруды жалғастыруда. Осы және басқа да ауқымды мәселелер әртүрлі ведомстволар тарапынан іске асырылуда және оларда әр түрлі донорлардың басымдылықтары көрініс тауып отыр. Сондықтан әр түрлі секторлар мен халықаралық ұйымдардың қызметін реттеу мәселесі Орталық Азия үшін маңызды болып отыр. Орталық Азия елдері басшыларының БҰҰ-ға донорлар қызметін реттеуші халықаралық механизмін құру туралы өтініші бұл міндеттің маңыздылығын көрсетуде.

Осы мақсатқа жетуге Тұрақты даму бағдарламалары септігін тигізеді, Олардың принциптері мен мақсаттары туралы сауатты ақпарат беру шарты орындалған жағдайда халық тұрақты дамуды іске асыру саясатын қолдайды Тұрақты даму бағдарламаларына оң бағыт беретін ең күшті тетік – халықтың ауқатты өмір сүруге деген ұмтылысы. Қазақстан оңтүстік аумақтарымен шекаралас орналасқан Орталық Азия елдерінде түпкілікті саяси тұрақтылық пен әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жақсаруына барынша мүдделі және соған бар көмегін көрсетуге дайын. Аймақтағы көршілес мемлекеттерді біртұтас механизм ретінде алсақ, біздің ел нарықтық кеңістіктің бел ортасында тұр. Өңірдегі көршілес тұрған елдермен сауда-экономикалық қарым-қатынастардың нығая түсуі саяси тұрақтылық пен аймақтағы ортақ қауіпсіздіктің кепілі болып отыр. Мемлекетіміздің жыл өткен сайын артып отырған экономикалық және саяси мүмкіндіктері біздің аймақтағы интеграциялық үдерістерде барынша белсенді рөл атқаруымызға игі ықпал етері сөзсіз.

Кеңістігі азиялық та, еуропалық та құрлықты қамтитын, құрамына бүкіл элемдегі елдердің бірқатары енген Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) Орталық Азия аймағындағы мемлекеттер де мүше. Дүниежүзілік қауіпсіздік мәселелері негізінде құрылған ШЫҰ экономикалық бағытта айтарлықтай алға жылжып, халықаралық қатынастарда үлкен беделге ие болып отырған эмбебап ұйым. Орталық Азия аймағының аса бай табиғи қорлары мен ауқымды рыногы Ұйымның жедел дамуына игі ықпалын тигізеді сөзсіз. ШЫҰ аясында 2003 жылы қабылданған Көп жақты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы және оны іске асыру жоспарында ең алдымен тауарлар мен

капиталдың, қызмет көрсету мен технологиялардың еркін қозғалысына әсер ететін 11 сала бойынша 127 жоба жүзеге асырылып отыр. Соның ішінде Қазақстан өзге тараптардың қарауына энергетика, көлік, телекоммуникация және агроөнеркәсіп кешеніне қатысты 20-ға жуық жобаны ұсынды.

Сонымен қатар аймақтағы мемлекет басшылары 2006 жылы маусым айында Қытай Халық Республикасында (Шанхай қ.) Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының кеңейтілген құрамда болған алтыншы мәжілісіне қатысты. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ШЫҰ аясында экономикалық қарым-қатынас ерекше пайдалы және аса қажет болатынын, ол әрі күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге ықпал жасайтынын, Орталық Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты да қамтамасыз ететінін атап өтіп, табиғи ресурстарға және мол адами әлеуетке ие біздің өңір жаһандық экономикалық үдерістердің және әлемдік геосаясаттың ажырамас бөлігі екендігіне баса назар аударды /4/.

Бүкіл дүние жүзіндегі мемлекеттерінің ықпалдасуға бағыт алуы, әлемдік экономиканың біртұтастыққа қарай ұмтылысы Орталық Азия елдері үшін де айрықша маңызы зор мәселе. Аймақтағы елдер қазіргі кезеңдегі өркениеттік дамуға бет бұра отырып, әлемдік экономиканың жаһандануы мен ақпараттық-коммуникациялық кеңістіктің кенеюі тұсында ұлттық экономиканы мемлекеттен ажыратуға бағыт алды және лаңкестік пен экстремизмге қарсы күрестегі мүдделердің ортақтығын сезінді. “Орталық Азия мемлекеттерінің Одағы” атты ұйымды құру бастамасын көтерген ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына кезекті, 2006 жылғы Жолдауының жетінші басымдығында еліміздің экономикалық, саяси-мәдени жағдайларын кеңінен талдай отырып, Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосуда көршілес Орталық Азия елдерімен халықаралық ынтымақтастық пен серіктестік құрудың зор маңызына баса назар аударып, “Қазақстанның мүдделерін, өңірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін теңдестірілген және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске асыру” /5/ қажет деп атап көрсетті.

Бүгінгі таңда күрделеніп отырған сыртқы қатынастардың стратегиялық бағыттары мемлекетіміздің дамуы мен жалпы жаһандану талаптарына сай келуде. Алайда атқарылатын жұмыстар ауқымы көп болғанымен, бағнытымыз – айқын. Ол – ішкі саясатта да, сыртқы саясатта да тұрақты дамуға қажетті негіз қалау. Қазақстанның қазіргі халықаралық қатынастары жаһандану және өңірлік интеграцияға негізделуі тиіс. Бұл біз үшін зор міндет болып табылады. Сондықтан да оны іске асыру жолдарын жан-жақты ойластыруымыз қажет. Көршілес елдермен бір кеңістікте тұрғандықтан, ортақ мәселелерді шешу мақсатында Орта Азиялық республикалармен тығыз байланыс негізінде өзара серіктестік пен ықпалдастықты құрудың маңызы ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Алматы Азияны өз ұяға айналдырмақ // Егемен Қазақстан, 2006 жыл, 20 маусым, 3-бет.

- 2 Назарбаев Н. Жаһандық ауқымдағы қауіпсіздіктің кілті Азия жерінде жасырылып жатыр // Егемен Қазақстан, 2003 ж., 10 маусым.
- 3 Тоқаев Қ. Отандық дипломатияның он бес жылы / Егемен Қазақстан, 2006 ж., 16 желтоқсан.
- 4 Жаһандық дамудың жаңа кіндігі Шанхай ынтымақтастық ұйымы бола алады // Егемен Қазақстан, 2006 ж., 16 маусым. 2 бет.
- 5 Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Алматы ақшамы, № 25 (3659), 2006 ж., 4 наурыз. 9 бет.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы международного сотрудничества Казахстана со странами Центральной Азии.

Summary

This article dialed with the matters of the international cooperation of Republic of Kazakhstan and the states of Central Asia.

ДИНАМИКА КЫРГЫЗСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ПРИ ПОДДЕРЖКЕ ЮНЕСКО и ФОНДА «СОРОС – КЫРГЫЗСТАН» (1991-2010 годы)

Манапаева Н.Э. –

аспирант кафедры истории и философии

Кыргызского Национального аграрного университета им. К.И.Скрябина

В период бурного потока культурных изменений, вполне закономерен интерес к проблемам кыргызской национальной культуры и ее развитие, содержание и сущность основных закономерностей этого процесса, его критерии и особенности. Следовательно, вопросы сохранения культурного наследия, демократизации культуры, а также динамика традиционной кыргызской культуры на современном этапе является актуальной.

В связи с изменением в настоящее время Кыргызской национальной политики ЮНЕСКО и фонд «Сорос-Кыргызстан» содействуют разработке стратегии сохранения культурных ценностей и наследия. Значительной частью мандата ЮНЕСКО в условиях сегодняшней глобализации, приоритетом долгосрочной стратегии культурной политики является сохранение для будущих поколений культурных ценностей, духовного и материального наследия.

21 ноября 2002 года, имеющий мандат по защите, сохранению и пропаганде культурного наследия Коитиро Мацуура заявил: «... необходимо, чтобы все в мире осознавали ценность нашего столь разнообразного наследия, - будь это материальные памятники истории или нематериальные формы культурных традиций и обычаев. Если мы научимся лучше ценить собственное культурное наследие, мы сможем научиться ценить его и у других народов. И

